

«АРНАЙЫ ПЕДАГОГИКА» ЖУРНАЛЫНЫҢ ТҮЖЫРЫМДАМАСЫ

1. Басылымның жалпы сипаттамасы

«Арнайы педагогика» журналы – жалпы білім беру және арнайы білім беру ұйымдарының педагогтері мен мамандарының озық педагогикалық тәжірибесін, авторлық әзірлемелерін жариялауға арналған бейінді мерзімді басылым.

Журнал мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеу тәжірибесіне инновациялық әдістемелер мен технологияларды енгізуге, сондай-ақ мамандарға ақпараттық және әдістемелік қолдау көрсетуге, отандық және халықаралық тәжірибе алмасу арқылы олардың кәсіби дамуына жәрдемдесуге бағытталған.

Журнал 2025 жылғы 31 шілдеде Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген (тіркеу куәлігі № KZ77VPY00125810).

2. Журналдың мақсаты мен міндеттері

Негізгі мақсаты: қазір жұмыс істеп жүрген мамандардың ғылыми ізденіс нәтижелерін мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдаудың заманауи тиімді тәсілдеріне деген практикалық қажеттіліктермен ықпалдастыру.

Негізгі міндеттері:

1. Озық педагогикалық тәжірибені насихаттау және жүйелеу.
2. Сынақтан өткен технологиялар, әдістемелер, кейстер мен жұмыс алгоритмдерін ұсыну арқылы мамандарға ақпараттық және әдістемелік қолдау көрсету.
3. Білім беру тәжірибесіне инновациялық тәсілдерді, бірегей әдістемелік шешімдер мен құралдарды енгізу.
4. Педагог кадрлардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға ықпал ету.
5. Арнайы білім беру саласында кәсіби өзара іс-қимылды және халықаралық ынтымақтастықты дамыту, оның ішінде тиімді тәжірибелер мен қолдау технологияларымен алмасу.

3. Негізгі тақырыптық бағыттары

- арнайы білім беруді дамытудың заманауи үрдістері;
- авторлық әдістемелік әзірлемелер, кейстер;
- отандық және халықаралық тәжірибені білім беру практикасына ықпалдастыру.

4. Жарияланымдардың басым бағыттары

- кедергісіз білім беру ортасын қалыптастыру және дамыту;

- мүмкіндігі шектеулі балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы білім беру жағдайларын жасау және іске асыру;
- жалпы және арнайы білім беру ұйымдарында түзете-дамыту жұмысын жүзеге асыру;
- арнайы білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін атқарылатын жұмыстарды ұйымдастыру және сүйемелдеу;
- отбасымен серіктестік;
- жеке түзете-дамыту бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;
- білім алушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес оқу материалдарын бейімдеу;
- мамандарға арналған әдістемелік құралдарды әзірлеу және енгізу;
- практикалық жұмыс кейстері мен сүйемелдеу алгоритмдері;
- цифрлық технологияларды, жасанды интеллекті қолдану, иммерсивті оқыту (әлеуметтік кедергілерді еңсеру үшін);
- бейімделген және қашықтықтан оқыту форматтары, ассистивтік технологиялар.

5. Жарияланымдардың мақсатты аудиториясы

Журнал білім беру ұйымдарының басшыларына, арнайы және жалпы білім беру жүйесінің практик-мамандарына, сондай-ақ «Арнайы білім беру» бағыты бойынша білім алатын студенттерге, Қазақстан Республикасының және шетелдердің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының профессорлық-оқытушылық құрамына арналған.

6. Редакциялық саясат

Редакциялық саясаттың қағидаттары:

- мақаланы жариялау туралы шешім тек ұсынылған материалдардың қолданбалы маңыздылығы, сұранысқа ие болуы және сапасы негізінде қабылданады;
- редакцияның шешімдері құрылтайшылардан, демеушілерден және өзге де мүдделі тараптардан тәуелсіз қабылданады;
- авторларды азаматтығы, жарияланым тілі, жынысы, жасы, тәжірибесі бойынша кемсітуге жол берілмейді;
- мақалаларды жариялау үдерісі ашық әрі айқын болады;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің бейінді мерзімді басылымдарға қойылатын талаптары сақталады.

Редакциялық алқа педагогика, психология, арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы жетекші отандық және шетелдік ғалымдар мен мамандардан құралады.

7. Этикалық қағидаттар

Журнал жарияланым этикасының халықаралық стандарттарын ұстанады және ғылыми жарияланымдар этикасы комитетінің (COPE) қағидаттарын басшылыққа алады.

8. Авторлардың міндеттері

- практикалық тұрғыдан сұранысқа ие және бұрын жарияланбаған түпнұсқа материалдарды ұсыну;
- дереккөздерді дұрыс дәйектеу және барлық алынған материалдарды көрсету;
- материалдарды қолдан жасауға, бұрмалауға және жалған ақпарат беруге жол бермеу;
- жарияланымға үлес қосқан барлық тұлғаларды көрсету;
- әдістемелік өнімдерді әзірлеу барысында этикалық нормаларды сақтау.

9. Рецензенттердің міндеттері

- қолжазбаларды объективті және дәлелді бағалау;
- материалдардың құпиялылығын сақтау;
- мүдделер қақтығысына жол бермеу;
- рецензияларды уақытылы ұсыну.

10. Редакцияның міндеттері

- авторлар мен рецензенттер туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету;
- мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу;
- жарияланым этикасы бұзылған жағдайда тиісті шаралар қабылдау.

11. Антиплагиат саясаты

1. Барлық материалдардың түпнұсқалық негізі тексеріледі (кемінде 70%).
2. Мақалаларды басқа басылымдарға қатар жіберуге тыйым салынады.
3. Аударма материалдар тек түпнұсқалық талаптары сақталған және дереккөз көрсетілген жағдайда қабылданады.
4. Екі рет тексеруден өтпеген, сондай-ақ рәсімдеу, мазмұн және өзге талаптарға сәйкес келмейтін материалдар үшінші тексеруге жіберілмейді және жарамсыз деп танылады.

12. Жариялау шарттары

Авторларға қойылатын талаптар:

- материалды ұсыну кезінде авторлар құрамын нақты көрсету;
- бір нөмірге бір автордан бір ғана қолжазба жіберу;
- қосалқы авторлар саны – 4 адамнан аспауы тиіс;

- балалармен педагогикалық жұмыс барысында этикалық нормаларды сақтау;
- материалдардың түпнұсқалығы 70%-дан кем болмауы тиіс.

Мақалаларға қойылатын техникалық талаптар:

- **Көлемі:** 1500–4000 сөз немесе стандартты рәсімдеумен 3–9 бет (А4);
- **Форматы:** Microsoft Word, Times New Roman, 14 pt, жоларалық интервал – 1,0; шеттері: сол жақ – 30 мм, оң жақ – 15 мм, жоғарғы және төменгі жақтары – 20 мм; мәтінді туралау – ені бойынша;
- **Жарияланым тілдері:** мақала атауы мен аннотация қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде беріледі;
- **Түйін сөздер:** 4–8 сөз;
- **Мақаланың құрылымы:** кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, әдебиеттер тізімі;
- **Сілтемелер мен библиографияларды ресімдеу:** белгіленген стандарттарға сәйкес (төрт бұрышты жақшаларды және транслитерацияны пайдалана отырып);
- **Иллюстрациялық материалдар:** мақала мәтінде қолданылған барлық суреттердің, бейнелер мен кестелердің және басқа да графикалық материалдардың сілтемелері міндетті түрде болуы тиіс. Суреттерді, оның ішінде жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып жасалған бейнелерді пайдалануға, олардың қайдан алынғаны немесе тәсілі міндетті түрде көрсетілген кезде ғана жол беріледі.
- **Жасанды интеллект технологияларын пайдалану:** ЖИ-ді пайдалану арқылы мәтін шығарудың рұқсат етілген деңгейі 40-50% -дан аспауы тиіс. Ұсынылған материалдардың түпнұсқалығына, дұрыстығына, ғылыми және практикалық маңыздылығына авторлар толығымен жауапты болады.

13. Рецензиялау жүйесі

Рецензиялау жарияланым сапасын қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

Журналда біржақты «жасырын» рецензиялау қолданылады (рецензент авторды біледі, автор рецензентті білмейді).

Қажет болған жағдайда қосымша сырттай рецензиялау жүргізілуі мүмкін. Редакцияның шешімі бойынша редакциялық алқа мүшелері тарапынан ішкі рецензиялауға жол беріледі.

Рецензиялау барысында мына жайттар ескеріледі:

- журналдың тақырыбына сәйкестігі;
- материалдың өзектілігі;
- практикалық маңыздылығы;
- баяндаудың логикасы мен құрылымы;

- тұжырымдардың негізділігі;
- мәтіннің түпнұсқалығы.

Рецензия нәтижесі бойынша төмендегідей шешімдердің бірі қабылданады:

- жариялауға қабылдау;
- толықтыруға жіберу;
- қабылдамау.

Мақала толықтырылып түзетілгеннен кейін редакция оны қайта қарайды.

14. Тіл саясаты

Журнал келесі тілдердегі материалдарды қабылдайды:

- қазақ тілі;
- орыс тілі;
- ағылшын тілі.

15. Жиілігі және таралуы

Журнал жылына 4 рет шығады. Материалдар келесі арналар арқылы таратылады:

- кәсіби қауымдастықтар;
- білім беру ұйымдары;
- жарияланымдарға ашық қолжетімділікті қамтамасыз ететін электрондық платформа.